



(1) Жер ішіндегі жүгін шығарған сәтте, (Қазыналар, өліктер.) (2) Адам баласы: "Бұған не болды?"; - деген сәтте; (3) Ол күні жер, уақиғасын түсіндіреді; (4) Раббыңның оған білдіруімен. (5) Сол күні, адам баласы, ғамалдары көрсетілуі үшін топ-топ келеді. (6) Сонда кім тозаңның түйірінің салмағындай жақсылық істеген болса, ол оны көреді. (7) Ал және кім тозаңның түйірінің салмағындай жамандық істесе, оны көреді. (8)

## 100-ҒАДЯТ СҮРЕСІ

Меккеде түскен. Он бір аят. Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. Қатты еңтігіп, шапқан, (1) (Тұяғынан) от шығарған, (2) Таң сәріден шабуыл жасаған, (3) Тозаңдатып, шандатқан; (4) Сөйтіп жаудың ортасына кірген аттарға серт. (5) Шын мәнінде адам баласы Раббына тым нәсүкірлік етеді. (Қанағатсыз.) (6) Өйткені ол, өзі де оған куә. (7) Сондай-ақ ол, байлықты өте жақсы көреді. (8) Ал олар білмей ме? қабырлардағылар қопарылып шығарылған кезде, (9)

Олардың Раббыларының қасындағы сыйлықтары; астарынан өзендер ағатын Ғадын жаннаттары. Олар онда мүлде қалады. Алла олардан разы, олар Алладан разы. Осы сыйлық Раббынан қорыққан кісі үшін. (8)

## 99-ЗІЛЗАЛ СҮРЕСІ

Мединеде түскен. Сегіз аят. Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. Жер сілкіндіріліп қозғалған сәтте,